АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ
ЖАҢАТАЛАП
АУЫЛДЫҚ ОКРУГ
ӘКІМІ

АКИМ
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ЖАНАТАЛАП
КУРМАНГАЗИНСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ
16 ақпан 2026 жыл
Хиуаз ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ
№ 14-Ѳ
село Хиуаз

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 3-тармағы, 28-тармақшасын, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ сапалы қызметтер (біліктілік еңбек ресурстары) алу қажеттілігін ескере отырып;

1. «Professional Community Astana Orleu» ЖШС әлеуетті өнім берушісінен жалпы сомасы «85000» теңгеге «2026 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру. Міндеттемелерді орындау бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер» тақырыбындағы семинарға/конференцияға қатысу бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты округ әкімінің кеңесшісі Т.Ажгуловқа міндеттелсін.

3. ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып өнім берушіні анықтау, өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасы жіберілсін.

4.Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және МСТ Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Округ әкімі **С.Бралиев**